Түркістан облысының туризм басқармасындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесімен 2026 жылы
АНЫҚТАЛҒАН ТӘУЕКЕЛДЕР

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау жұмыстары басқарма басшысының м.а. А.Сабитқызының 04.05.2025 жылғы №21 н/қ бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Жүргізілген талдау нәтижесімен анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

1-тәуекел. Кәсіпкерлік субъектілері ұсынатын туристік қызмет объектілерін салу, реконструкциялау кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеуге арналған өтінімінің қолма-қол тапсырылуы.

Тәуекелді жою бойынша атқарылған жұмыстар:

Туристік қызмет саласындағы кәсіпкерлік субъектілерінің шығындарының бір бөлігін өтеу және туристік операторлық (туроператорлық) қызметті жүзеге асыруға лицензия беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мақсатында Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетіне 2025 жылғы 15 сәуірде №45/268 ұсыныс хат жолданды.

Алайда аталған ұсыныс хат негізігде көрсетілген қағидаларға өзгерістер енгізілмеуіне байланысты, ұсынылған бастамаларды қайта қарау мақсатында Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетіне 2026 жылғы 27 шілдеде №45/443 ұсыныс хат қайта жолданды.

2-тәуекел. Кәсіпкерлік субъектілері ұсынатын кәсіпкерлік субъектілерінің санитарлық-гигиеналық тораптарды ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялауға арналған өтінімінің қолма-қол тапсырылуы.

Тәуекелді жою бойынша атқарылған жұмыстар:

Туристік қызмет саласындағы кәсіпкерлік субъектілерінің шығындарының бір бөлігін өтеу және туристік операторлық (туроператорлық) қызметті жүзеге асыруға лицензия беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мақсатында Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетіне 2025 жылғы 15 сәуірде №45/268 ұсыныс хат жолданды.

Алайда аталған ұсыныс хат негізігде көрсетілген қағидаларға өзгерістер енгізілмеуіне байланысты, ұсынылған бастамаларды қайта қарау мақсатында Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетіне 2026 жылғы 27 шілдеде №45/443 ұсыныс хат қайта жолданды.

3-тәуекел. Кәсіпкерлік субъектілері ұсынатын кәсіпкерлік субъектілерінің жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша шығындарының бір бөлігін субсидиялауға арналған өтінімінің қолма-қол тапсырылуы.

Тәуекелді жою бойынша атқарылған жұмыстар:

Сонымен қатар, кешенді іс-шаралар жоспарының 2-тармағы бойынша салалық қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін кәсіпкерлік субъектілерінің шығындарының бір бөлігін өтеу тәртібін, өтінімдерді қарау жөніндегі комиссия хатшысы мен мүшелерінің іс-қимыл алгоритмін бекіту ұсынылған.

Бұл ретте, жергілікті атқарушы органдар тарапынан көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары бекітілген Қағидарлар негізінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу тәртібі айқындалған.

Сондай-ақ, аталған Қағидаларда өтінімдерді қарау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құру тәртібі және Комиссия төрағасы, төрағасының орынбасары, хатшысының әрекеттері көзделген.

Кәсіпкерлік субъектілері ұсынған құжаттардың толық топтамасын қарау үшін ЖАО өтінімдерді қарау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрады.

Комиссия кемінде 7 (жеті) адамды қамтитын мүшелердің тақ санынан тұрады, олардың ішінен төраға және төрағаның орынбасары тағайындалады.

Комиссия отырыстарының хаттамаларын дайындауды комиссия мүшесі болып табылмайтын хатшы жүзеге асырады.

Комиссия төрағасы, төрағасының орынбасары, хатшысы ЖАО қызметкерлері қатарынан тағайындалады.

Комиссия құрамына "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, салалық қауымдастықтардың өкілдері, бизнес өкілдері кіреді.

Бұл ретте, тұрақты комиссиялар құрамдары Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылдың 25 ақпандағы «Комиссиялар құру туралы» № 14 қаулысымен бекітілген.

Туристік қызмет саласындағы кәсіпкерлік субъектілерінің шығындарының бір бөлігін өтеу және туристік операторлық (туроператорлық) қызметті жүзеге асыруға лицензия беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мақсатында Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетіне 2025 жылғы 15 сәуірде №45/268 ұсыныс хат жолданды.

Алайда аталған ұсыныс хат негізігде көрсетілген қағидаларға өзгерістер енгізілмеуіне байланысты, ұсынылған бастамаларды қайта қарау мақсатында Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетіне 2026 жылғы 27 шілдеде №45/443 ұсыныс хат қайта жолданды.

4-тәуекел. Кәсіпкерлік субъектілері ұсынатын туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне жүргізушінің орнын қоспағанда, сыйымдылығы сегізден астам отыратын орны бар автокөліктердің сатып алынған құнының бір бөлігін субсидиялауға

арналған өтінімінің қолма-қол тапсырылуы.

Тәуекелді жою бойынша атқарылған жұмыстар:

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 382 «Кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы», 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 411 «Кәсіпкерлік субъектілерінің жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын бекіту туралы», 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 412 «Туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу қағидаларын бекіту туралы», 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 415 «Туристік қызмет объектілерін салу, реконструкциялау кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрықтарына сәйкес бекітілген Қағидарлар негізінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу тәртібі айқындалған.

Сондай-ақ, аталған Қағидаларда өтінімдерді қарау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құру тәртібі және Комиссия төрағасы, төрағасының орынбасары, хатшысының әрекеттері көзделген.

Анықтама үшін:

Кәсіпкерлік субъектілері ұсынған құжаттардың толық топтамасын қарау үшін ЖАО өтінімдерді қарау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрады.

Комиссия кемінде 7 (жеті) адамды қамтитын мүшелердің тақ санынан тұрады, олардың ішінен төраға және төрағаның орынбасары тағайындалады.

Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, комиссия отырыстарын өткізеді. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын төрағаның орынбасары орындайды.

Комиссия отырыстарының хаттамаларын дайындауды комиссия мүшесі болып табылмайтын хатшы жүзеге асырады.

Комиссия төрағасы, төрағасының орынбасары, хатшысы ЖАО қызметкерлері қатарынан тағайындалады.

Комиссия құрамына "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, салалық қауымдастықтардың өкілдері, бизнес өкілдері кіреді.

Бұл ретте, тұрақты комиссиялар құрамдары Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылдың 25 ақпандағы «Комиссиялар құру туралы» № 14 қаулысымен бекітілген.

5-тәуекел. Кәсіпкерлік субъектілерінің тау шаңғысы курортарына арналған жабдықтар мен техника сатып алу бойынша шығындарының бір

бөлігін субсидиялауға арналған өтінімінің қолма-қол тапсырылуы.

Тәуекелді жою бойынша атқарылған жұмыстар:

Туристік қызмет саласындағы кәсіпкерлік субъектілерінің шығындарының бір бөлігін өтеу және туристік операторлық (туроператорлық) қызметті жүзеге асыруға лицензия беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мақсатында Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетіне 2026 жылғы 27 шілдеде №45/443 ұсыныс хат жолданды.

6-тәуекел. Құрылыс құнын асыра бағалау тәуекелдері.

Тәуекелді жою бойынша атқарылған жұмыстар:

Кәсіпкерлік субъектісі шығындарының бір бөлігін өтеу үшін өтінім беріп, оған тиісті құжаттар топтамасын қоса ұсынады. Құжаттар қаралғаннан кейін комиссия шығындардың бір бөлігін өтеу немесе өтем беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Өтем мөлшері жобалық (жобалық-сметалық) құжаттама бойынша сараптама қорытындысында көрсетілген құнның 10 %-ын құрайды.

Тәуекел ретінде, тәжірибеде комиссия құжаттар топтамасының толықтығын ғана тексеріп, олардың мазмұнын егжей-тегжейлі талдамайды және онда келтірілген мәліметтердің шынайылығы мен негізділігін тексермейді деп көрсетілген.

Бұл ретте, жергілікті атқарушы органдар тарапынан көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары бекітілген Қағидалар негізінде **кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу тәртібі** айқындалған. Соның ішінде, Қағидаларда өтінімдерді қарау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құру тәртібі және Комиссия төрағасы, төрағасының орынбасары, хатшысының әрекеттері көзделген.

Сонымен қатар, комиссия құрамына "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, салалық қауымдастықтардың өкілдері, бизнес өкілдері кіргізу талабы қойылған. Облыстағы құрылған комиссия құрамына кәсіпкерлік, сәулет және қала құрылысы, жер қатынастары, Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқарма, энергетика және тұрғын–үй коммуналдық шаруашылық, транспорт және автомобиль жолдары басқармаларының қызметкерлері енгізілген.

6-тәуекел. Бөлінетін қаражаттың мерзімдерін жасанды түрде ұзарту және мөлшерін «мөлшерлеу» тәуекелдері.

Тәуекелді жою бойынша атқарылған жұмыстар:

Тәуекелдердің туындауы және өтінімдердің салалық қағидаларда өтемақыны кезек тәртібімен төлеу нормаларының болмауымен түсіндіріледі.

Дегенмен, қолданыстағы Қағидаларға сәйкес құжаттар топтамасын қарау үшін ЖАО кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеуге арналған өтінімдерді қарау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін

комиссия құрады *(14.01.2026 жылғы №14 қаулы; 10.01.2025 жылғы №4 қаулы, 08.01.2024 жылғы №7 қаулы; 25.01.2022 жылғы №14 қаулы).*

Қағидаға сәйкес мемлекеттік қолдау шарасының түріне байданысты субсидиялауға оң шешім алған өтінімдер негізінде жергілікті және республикалық бюджетке бюджеттік өтінім жолданып қаржы қарау тиіс.

Анықтама үшін: Мемлекеттік қолдау шаралары қолданысқа енгізілген уақыттан бастап, **2023 ж. – 22 өтінім.** Оның ішінде, тур.нысан – 13, транспорт – 4, СГТ – 4, ЖСО – 1 *(оң шешім алғандар СГТ – 3 (2,4 млн.тг), тур.нысан – 2 (35,9 млн.тг), ЖСО – 1 (12,0 млн.тг).*

2024 ж. – 24 өтінім. Оның ішінде, тур.нысан – 14, СГТ – 5, жол бойындағы сервис – 3, транспорт - 2 *(оң шешім алғандар жалпы саны – 12, оның ішінде: тур.нысан – 8 (429,2 млн.тг), СГТ – 5, жол бойындағы сервис – 1 (46,6 млн. тг.)*

2025 ж. – 8 өтінім. Оның ішінде, тур.нысан – 5, СГТ – 3, жол бойындағы сервис – 1 *(оң шешім алған СГТ – 2)*

2026 ж. – 5 өтінім. Оның ішінде, тур.нысан – 3, СГТ – 1, жол бойындағы сервис – 1 *(оң шешім алған СГТ – 1)*

Осы уақытқа дейін оң шешім алған 4 туристік нысанға ғана 2024 жылы Түркістан облысы мәслихатының 2024 жылғы 13 желтоқсандағы «2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы»№ 14/180 – VIII шешіміне сәйкес көзделген қаражат шегінде 120,1 млн. тг. қаралды.

Сонымен қатар, Туристік қызмет объектілерін салу, реконструкциялау кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу мақсатында 2026 жылғы қаржы жоспарына Түркістан облысы мәслихатының 2025 жылғы 15 желтоқсандағы № 20/268 – VIII шешіміне сәйкес туристік нысандарға 132 110,0 мың теңге қаржы қаралып, толық игерілді.

Қазіргі таңда, субсидиялауға қажет қаржы – **197,3 млн.тг-ні** құрап отыр *(ЖК «Pioner Tourism Group» – 96,5 млн.тг, ЖК «Шырша» – 20,2 млн.тг, ЖК «Фатима» – 60,2 млн.тг, ЖК «Golden Vein» - 9,78 млн теңге, «Айс Фарм» ЖШС – 10,5 млн. теңге).*

Бұл ретте, 2027 жылға – 140 697,0 мың теңге, 2028 жылға – 149,139,0 мың теңге, 2029 жылға – 158 087,0 мың теңге қаржы қаралуы жоспарлануда.

Түркістан облысы туризм
басқармасының басшысының м.а. **А.Сабитқызы**